

Тағамға биологиялық белсенді қоспа

***Lactobacillus rhamnosus* GG DSM33156 (Probio-Tec^R LGG^R, Chr.Hansen)**

Тағамға биологиялық белсенді қоспа балалар мен ересектерге арналған. Ол асқазан-ішек жолындағы пайдалы бактериялардың мөлшерін көбейту үшін пайдаланылады.

АКТИВ ФЛОРА беби+ құрамында *Lactobacillus rhamnosus* GG DSM33156 бактерияларының тірі дақылды бар, оны әлемдегі жетекші лактобактерия өндірушілерінің бірі Кр. Хансен компаниясы жасап шығарады. DSM33156 ретінде сақталған штамм ғалымдар алғашқы рет бөліп алған және сипаттаған штамға 100% ұқсас, оны 1987 жылы Valio компаниясына және құқық қабылдаушы - Chr Hansen компаниясына табыстады. Бұл штаммның қолданылуы балаларда, жүкті әйелдерде, ересектерде және қарттарда мұқият зерттелген. *Lactobacillus rhamnosus* GG (LGG^{R**}) қауіпсіздігі және пробиотикалық қасиеттері көптеген ғылыми зерттеулермен расталды.

Бұл штамм өт пен қышқылдарға жоғары төзімділікке ие, бұл бактериялардың асқазан-ішек жолдары арқылы өтуі және олардың пайдалы әлеуетін жүзеге асыру кезінде өмір сүруі үшін маңызды.

Өнімнің құрамына кокос майынан бөлінетін орташа тізбекті триглицеридтер кіреді, олар омырау сүтінің құрамында бар және бірнеше ондаған жылдар бойы балалар тамағына арналған қоспалардың құрамында пайдаланылады, сондай-ақ салмағы төмен нәрестелердің тамақтануын жақсарту үшін қолданылады. Бұл құрамдас бөлік қолдану үшін қауіпсіз ғана емес, сонымен қатар нәрестелердегі инфекциялардың себебі болып табылатын асқазан-ішек жолындағы *Candida* саңырауқұлақтарының колонизациясын тежейді.

Құрамы: орташа тізбекті триглицеридтер (кокок майынан), *Lactobacillus rhamnosus* GG DSM33156 (Probio-Tec^R LGG^R, Chr Hansen) тірі лиофильденген микроағзалар дақылды.

1 тамшыдағы биологиялық белсенді заттың мөлшері – 1x10⁹ КТБ*.

Қолдану облысы: тағамға биологиялық белсенді қоспа, *Lactobacillus rhamnosus* қосымша көзі ретінде ұсынылады.

Сүтсіз және сүт өнімдерінсіз	Лактозасыз	Қантсыз	Консервантсыз	ГМО-сыз

Тағамдық және энергетикалық құндылығы

Көрсеткіш	6 тамшыдағы мөлшері	12 тамшыдағы мөлшері
Энергетикалық құндылығы	1.95 ккал (8.00 кДж)	3.89 ккал (16.00 кДж)
Ақуыз	0,001 г	0,002 г
Майлар	0,22 г	0,44 г
Соның ішінде қаныққан май қышқылдары	0,21 г	0,42 г
Көмірсулар	0,001 г	0,002 г
Соның ішінде қант	0,00 г	0,01 г
Жасұнық	0,00 г	0,01 г
Тұздар	0,00 г	0,01 г
<i>Lactobacillus rhamnosus</i> GG DSM33156	Кемінде 6 x 10 ⁹ КТБ*	Кемінде 12 x 10 ⁹ КТБ*

*КТБ – колония түзуші бірліктер

Ішек микрофлорасының қалыпты теңгерімін қолдауға немесе қалпына келтіруге және антибиотиктерді қабылдау кезінде асқазан-ішек жолдарының жұмыс істеу қалпының ықтимал бұзылуы кезінде, тамақтану сипатының өзгеруі және т.б. кезінде, ішек микрофлорасының теңгерімсіздігімен жанама түрде байланысты ағза жағдайларында ішектің қалыпты жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Ішек микрофлорасының қалыпты теңгерімі ас қорытуды және иммунитет үдерістерін қолдауға ықпал етеді.

Қолдану жөніндегі ұсынымдар¹⁰: 1,5 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға - тәулігіне 1-6 тамшы; 3 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға - тәулігіне 6 тамшы; 12 жастан асқан балалар мен ересектерге - тамақтану кезінде тәулігіне 12 тамшы. Тікелей ауызға тамызыңыз немесе сүтке, суға немесе тағамға қосыңыз.

Тамшыларды өте суық немесе ыстық тағаммен араластырмаңыз. Әрбір қолданар алдында бөтелкені біртекті суспензия алынғанша шайқаңыз. Сусындар мен тағамның дәмін өзгертпейді. Антибактериалды терапия кезінде АКТИВ ФЛОРА беби+ антибиотиктермен бірге қабылдауға болады. Максималды тиімділік үшін АКТИВ ФЛОРА беби+ тамшылары мен антибиотикті қабылдау арасындағы аралық 2 сағат болуға тиіс.

Қабылдау ұзақтығы: 2-6 апта.

Қажеттілік болған кезде қабылдауды ұзартуға немесе қайталауға болады.

Тәуліктік дозадан артық ішпеу ұсынылады.

Қарсы көрсеткіштер: өнімнің құрамдас бөліктерін жеке көтере алмаушылық.

Иммунитеті едәуір әлсіреген тұлғалар және балалар дәрігердің ұсынымы бойынша ғана пайдалану керек.

Қолданар алдында дәрігердің консультациясын алу ұсынылады.

Дәрі-дәрмек құралы болып табылмайды.

Биологиялық белсенді қоспаны толыққанды тамақтану рационын ауыстыру ретінде пайдалануға болмайды.

Жарамдылық мерзімі: 2 жыл.

Орамда көрсетілген жарамдылық мерзімі аяқталған соң пайдаланбау керек.

Сақтау шарттары: жабық орамда 25°C-ден аспайтын температурада, балалардың қол жетпейтін жерде сақтау керек. Мұздатуға болмайды. Түпнұсқа орамда сақтау керек. Ашылғаннан кейін өнімді 30 күн ішінде пайдаланған жөн. Флаконның түбінде тұнба пайда болуы мүмкін, ол өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне әсер етпейді.

Шығару нысаны:

5 мл флаконда ішетін тамшылар, картон қораптағы 1 флакон.

Өндіруші:

Мастер Фарм С.А. з.о.о., Версальск көшесі, 8, 91-203 Лодзь, Польша

	Жасап шығарылды: Альпен Фарма АГ, Берн, Швейцария
--	---

Армения Республикасында тұтынушылардан наразылықтарды қабылдауға уәкілетті ұйым: Альпен Фарма АГ, Берн, Швейцария, Армения Республикасындағы өкілдігі, Гр, Кочар көшесі, 4, 400-офис, ВЦ Барекамутюн, 0033 Армения, Ереван.

Тел.: +374 11 20 50 31

Қазақстан Республикасында тұтынушылардан наразылықтарды қабылдауға уәкілетті ұйым:

«Альпен Фарма» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай ауылдық округі, Көкөзек ауылы, 1044-құрылыс, индекс 040114. Тел/факс: +7 727 232-34-73, +7 727 232-34-74

E-mail: info.kazakhstan@alpenpharma.com